

Президент мақаласы ж

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында да, өзге ресми сөздерінде де Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 30 жылдық ел Тәуелсіздігі дәуірінде өмірдің қай саласында да атқарған ұлан-ғайыр еңбегін атап көрсетті. Соның бірі – мәдениет саласы. Иә, мәдени саясат – қоғамның негізгі құндылықтары мен бағыттарын, жеке тұлғаның жасампаз болмысын қалыптастыратын әрбір өркениетті мемлекеттің басты идеологиялық тұғырнамасы. Осынау мәдени саясатты жаңғырту қажеттілігін түсіне отырып, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға, заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған елдің мәдени саясаты дамуының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту» туралы нақты міндет қойған болатын. Елбасымыз қойған осынау іргелі мақсат-міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ҚР мәдени саясатының ұзақ мерзімді Тұжырымдамасы дайындалды. Бұл тұжырымдама 2050 жылға дейін Қазақстанның әлемдік мәдениет пен өнердің даму орталықтарының біріне айналуына мүмкіндік берері сөзсіз.

Иә, еліміздегі мәдени саясаттың ұзақ мерзімді Тұжырымдамасы – тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет әзірленген құжат. Оның маңызды бағыттарының бірі – ұлттың «Мәдени коды» ұғымы. Ол жеті қазынаның жеті негізі - мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелері мен мерекелерден құралады.

Еліміздің мәдениет саласында алға қойылған осы міндеттерді орындау мақсатында Мәртеке ауданы да қалыс қалмақ емес. Жоспар шеңберінде ауданның мәдениет бөлімі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп айтарлықтай ауқымды іс-шараларды жүзеге асыруда.

Алдымен айтар болсақ, аудандық Мәдениет Үйіне қарасты 21 ауылдық клуб, 1 аудандық Мәдениет Үйі бар, жалпы саны - 22. Аудандық Мәдениет үйінде халықтық атағы бар ұжымдар саны - 7. Атап айтқанда: «Чаровницы» халықтық ансамблі, «Өмірзая» халықтық ансамблі, «Илигай» халықтық ансамблі, «Ардагерлер» ансамблі, Үлгілі атағы бар отбасылық ансамбльдер, Артыгалдиндер отбасы, Мухановтар от-

басы, «Сазды әуен» Күзенбаевтар халықтық отбасылық ансамблі сияқты өнер ұжымдары жұмыс істейді..

Бүгінде аудандық Мәдениет үйі өткізіп жатқан осындай алуан-алуан мәдени шараларға тұрғындар талай рет өз разылықтарын білдірді. Сонымен қатар, аудандық Мәдениет Үйінің жанынан 2020 жылдың 2 жарты жылдығынан бастап «Асыл қазынам» аналар клубы, «Жас қыран» патриоттық клубы, «Аялы алақан» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған клуб, «Жыр жауһар», «Жас ақындар» мектебі өз жұмыстарын бастап жұмыс жасауда. Жалпы, соңғы кезде аудан бойынша 1405 мәдени іс-шара өткізілсе, оның ішінде ауылдарда - 710. Бұның 400-і онлайн іс-шара өтті. Өткізілген онлайн іс-шараның 200-і ауылдық клубтарда ұйымдастырылған болатын. Мұнан басқа, көптеген концерттік бағдарламалар, қайырымдылық акциялар, балаларға арналған, мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарттарға арналған іс-шаралар зор табыспен өтті.

Осы орайда аудандағы «Чаровницы» ансамблі туралы ерекше айтып өтуге де болады. Бұл ансамбль жуырда «Достық өрнектері» облыстық фестиваліне қатысып, 3 орынға ие болса, «Умырзая» ансамблі облыстық татарлар ұйымының өткізген фестиваліне қатысып, облыс әкімі О. Оразалиннің «Алғыс хатымен» марапатталды. Айта кету керек, жалпы, этно-бірлестіктердің өткен жылда өткізілген мәдени іс-шаралар аз емес.

Мәдениет үйі жанынан ашылған «Жыр жауһар» жас ақындар мектебінің жетекшісі, мүшесі Маханов Жаңажол облыстық ақындар айтысынан 3 орын иеленді.

Мұнан бөлек, аудандық көркемсөз, вокал үйірмелері арасындағы байқау, «Туған жерім» сурет байқаулары да өткізілді.

Ал, облыстық би өнері бойынша байқаудан Қаратоғай ауылдық «Самғау» би тобы 1 орынға, Жайсаң ауылдық клубының би үйірмесі 2 орынға ие болды. «Достық өрнектері» облыстық фестиваль байқауында «Чаровницы» халықтық ансамблі 3 орын, Қаратоғай ауылдық клубының

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Әне мәдениет

би үйірмесі 2 орын иемденіп, Алғыс хаттармен марапатталған болатын.

«Шабыт» би ансамблі «Жас талант – 2020» 3 республикалық байқауында 1 орынға ие болды. «Ұлы дала ұрпағы» республикалық «Жұлдыз болғым келеді» онлайн ән өнері байқауының жеңімпазы Родниковка ауылының вокал үйірмесінің мүшелері Тукенбаева Жансая мен Тукенбаева Ақбота болды.

Жалпы, патриоттық тәрбие бойынша да көптеген кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру бағдарламасы бойынша көптеген игі бастамалар болды. Бағдарлама аясында «Ел іші - өнер кеніші» тақырыбында шеберлік сағаттары өткізілді. «Асыл қазынам» аналар клубы мүшелерінің қатысуымен «Балаларға базарлық» айдарымен бағдарлама жұмыс жасауда.

«Сазды әуен» ансамблі отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында, ал Қаратоғай, Шевченко, Родниковка, Полтавка, Первомайка ауылдық клубтары «Туған жер» тақырыбында онлайн концерттер берді. «Асыл қазынам» аналар клубы «Отбасындағы бала тәрбиесі» туралы өнегелі ғибратты танымдық сұхбат өткізді.

Мәртөк ауданына қарасты Жайсаң ауылының мүмкіндігі шектеулі балалармен тығыз байланыс жасалып, жұмыс істелуде. Балаларға арналған түрлі мультфильмдер мен әртүрлі кейіпкерлер жанрында киінген жастарымыз көңілді концерттер қойып берді.

2020 жылы аудандық Мәдениет үйінің ғимараты және Жайсаң ауылдық клубының ғимараты бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. «Жол картасы

2020» бағдарламасы бойынша осы екі ғимараттың күрделі жөндеуіне уақытша 26 адам еңбекпен қамту орталығы арқылы жұмыспен қамтылды.

1976 жылы салынған аудандық Мәдениет үйінің «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясындағы күрделі жөндеу жұмысына 139.9 млн. қаржы бөлініп, игерілді. Бағдарлама аясында 38 жұмыс орны құрылды, соның 21-і аудандық жұмыспен қамту бөлімі арқылы алынды. Күрделі жөндеуді «KND Construction» ЖШС-і жүргізді. Мәдениет үйінің сыртқы фасады толықтай сыланды, кіреберіс есіктері ауыстырыл-



ды, ғимараттың 1 этажының қабырғалары түзетіліп боялды, еденге кафель, көрермендер залына ковралан төселді, сахна пердесі ауыстырылып ЛЭД экран қойылды және көрермендер креслосы ауыстырылды, электр шамдары орнатылды. Күрделі жөндеу аяқталған соң жұмысшылардың, қызметкерлердің еңбек жағдайлары жақсарады, Мәдениет үйінің санитарлық-гигиеналық жағдайы артады, көрермен саны көбейіп, оқушыларға, аудан балаларына көптеген үйірме жұмыстарының жанданып жүйелі жұмыс жасауына жағдай жасалады.

Жайсаң ауылдық клубының ғимараты бойынша күрделі жөндеу жұмыстары бойынша «Ser Mar KZ» ЖШС-мен 34 971 254,64 тенгені құрайтын шарт жасалды. Онда фасадтың сыртқы әрленуі сайдингпен қапталды, ғимарат ішкі қабырғалары түзетіліп боялды, еденге кафель және линоулиум төселді, электр кабельдері ауыстырылды, шатырда жартылай жөндеу жұмыстары жасалып, көрермен креслолары ауыстырылды.

Біздің мәдениет саласында атқарып жатқан азды-көпті еңбектеріміз Үкімет тарапынан да ескерусіз қалып жатқан жоқ. Соның бір мысалы ретінде биыл қаңтар айында Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлова Ақтөбе облысына жасаған сапарында Мәртөк аудандық Мәдениет үйінің жұмысымен танысқанын да атап өткен ләзім.

Онда саланың дамуы жөнінде қысқаша баяндап, фойедегі аудандық кітапхананың ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Елбасының жолға қойған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асуына арналған кітап көрмелерімен, «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында күрделі

жөндеуден өткен Мәдениет нысандарының құжаты орналасқан стендпен және мәртөктік, ағашты «сөйлетіп», темірден түйін түйген, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауда бірегей туындыларымен белгілі қолөнер шебері Ерқосай Әбілов бастап, ағаш шебері Еділбай Ұзақбаев қолтаңба өнерлі жандардың көрмесімен танысты.

Сондай-ақ, министріміз А.Райымқұлованы мәдениет үйінің жұмысымен таныстыру барысында ауданның мәдени-демалыс мекемелеріндегі клубтық құрылымдарға аса мән беріліп, олардың жұмысы көрсетілген көрмемен арнайы таныстырылды. Танысу барысында Мәдениет және спорт министрі клубтық құрылымдардың жетекшілері және мүшелерімен сөйлесіп, жұмыстарына тәнті болды.

Иә, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай жалпы, мәдениет дегеніміз үлкен тарихи құбылыс. Ол адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары мен жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмір жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен түрлеріне елеулі өзгерістер енгізеді. Негізі, «мәдениет» ұғымының аясы өте кең. Оның маңызды бөліктері мыналар: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері біз осы тарихи өзгерістердің ұзын-сонар үлгілі жолын одан әрі дамытумен келеміз.

Ш.БЕКНАЗАРОВА,
Мәртөк ауданы,
аудандық Мәдениет үйінің
әдістемелік бөлім
меңгерушісі

Аралдық мәдениет

Әуелі ел Президенті Қ.Тоқаевтың биыл ел рухын тағы бір еңселі биікке көтеруге себепкер болған мақаласынан бастаған жөн деп білеміз. Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бұл мақаласы тәуелсіз Қазақ Елінің жарқын болашағы, биіктерден-биікке өркендеуі және елдің экономикалық, мәдени алға басуының ең маңызды алғышарттарының бірі десек қателеспейміз. Қазір ел Президентінің осынау аталы сөзге толы іргелі еңбегі ел ішінде кеңінен талқылануда. Ал бізге, яғни, мәдениет саласының қызметкерлеріне Президенттің Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде азаттығымызды айшықтап, ел іргесін бекітіп, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің сапына қосылу барысында «Мәдени мұра» бағдарламасын ұсынып, мәдениет, тарих саласында атқарған ұшан-теңіз еңбегін атап өткені. Ел Президентінің халқымызға зор күш-қуат, мұқалмас жігер беретін бұл мақаласы бізді, яғни Арал ауданы мәдениет саласындағы қызметкерлерді де жаңа бір биіктерге бастағандай болды. Міне, бүгін сол атқарылған азды-көпті жұмысты ел назарына ұсынуды артық болмас деп білеміз.

Иә, Қасым-Жомарт Кемелұлы

Ар Президент мақаласын жеке медеу деп біледі

өз мақаласында айтып өткен Елбасымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы деуге әбден боларлық «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру барысында жасаған жоспарымызға тағы да 86 шара енгізіліп, тиісті жұмыстар жүргізілді. Осы бағдарлама аясында жүргізілген шараларға 5 мыңға жуық адам қатысты.

Қызылорда облысы және аудан әкімдігі шешімі арқылы бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес мәдениет саласы бойынша «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында барлық мүдделі органдармен бірлесіп 72 шара өткізілді.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Шижаға елді мекенінде «Тағзым» алаңы ашылды. Жоба құны 8 млн. теңгені құраған алаң құрылысын жеке кәсіпкер өз қаржысы есебінен жүргізді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жерге тағзым» бағыты бойынша жазушы жерлесіміз Айжарық Сәдібекұлының 80 жасқа толуына орай «Тарихқа қалам тербеген» атты мерейтойы және жергілікті ақын Мешітбай Құттықовтың 85 жасқа толуына орай «Аралды сүю керек қайтқанда да» атты еске алу кеші атап өтілді.

Арал ауданы әкімшілігі мен аймақтық «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен облыстық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында «Теңіз тағдырын толғаған туынды» тақырыбында әлемге әйгілі жерлес жазушымыз Ә.Нұрпейісовтің

«Соңғы парыз» романы бойынша дебат өткізілді.

Айтыс еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап жаңғырған ұлттық өнеріміз. Осы орайда айтыскер ақын, термеші Ниятолла Раманқұловты еске алуға арналған «Ақиқат жырдың арнасы - Аралдың Ниятолласы» атты жастар арасындағы облыстық ақындар айтысы өткізілді.

Сонымен қоса, қазақ әдебиетінің абызы, жерлесеміз Ә.Нұрпейісовтің шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында жазушының «Соңғы парыз» романы желісінен «Сондай да бір түн болған» атты қойылымы көрсетілді.

«100 жаңа есім» жобасының III кезеңі аясында тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, ауданымыздың әр саласында қызмет атқарған медицина, мәдени, спорт, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға үлес қосқан 6 азаматтың өтінімі ұсынылды.

Аудан бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын түсіндіру мақсатында барлық кітапханаларда тақырыптық шолу және дөңгелек үстелдер мен отырыстар, спорттық сайыстар және әр түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ауданда білім мекемелерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасының 3 базалық бағыты бойынша («Отаным - тағдырым», «Өлкетану», «Саналы Азамат») 13 кіші жоба жүзеге асырылды.

«Атамекен» кіші бағдарламасының «Туған жерге тағзым» бағыты бойынша:

Елбасының «Рухани жаңғыру»

бағдарламасының «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Арал қаласынан типтік жобадағы спорттық сауықтыру кешенінің құрылысын салу, аудандағы шалғай орналасқан елді мекендерге арнайы техникалық автокөліктер алып беру, Арал қаласынан «Ардагерлер үйі» ғимаратының құрылысын салу және де Шижаға елді мекеніне абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін барлығы 218,0 млн теңгеге ауданнан шыққан кәсіпкерлермен 4 Меморандумға қол қойылып жүзеге асырылуда.

2020 жылы «Туған жерге тағзым» атты акциясы аясында білім беру мекемелерінде «Туған жерге тағзым – мектебіме тағзым» акциясы ұйымдастырылып, 4 млн. 640 мың теңге көлемінде демеушілік көмектер жасалды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының аталған бағдарламалық мақаласын тұрғындарға насихаттау мақсатында қала, кент ауылдық округтерде 31 билборд орналастырылып, ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында аудандық «Толқын» және «Арал әлемі» газеттерінде 37 мақала жарияланып, облыстық «Qyzylorda» телеарнасынан «Туған жер» бағдарламасы аясында 1 бейнесюжет түсірілді.

Қорыта айтқанда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты ұлағатты мақаласын аудан мәдениетін дамытудың басты шарты ретінде бағыт-бағдарға алуды одан әрі жалғастыра бермекпіз.